

**2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша
ҚАЗАҚСТАН ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛАПТАРЫНДА
ЫЛҒАЛ ҚОРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ТУРАЛЫ
АНЫҚТАМА-КОНСУЛЬТАЦИЯ**

АСТАНА 2023 ж.

ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының алдын ала күтілетін көлемі 2023 жылғы 1 ақпандағы гидрометеорологиялық бақылау және өлшеу деректері бойынша жасалды (1-қосымша).

ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқынының негізгі күтілетін көлемі 2023 жылы наурыз айында жасалады және апта сайынғы негізде (*қажет болған жағдайда қысқа мерзімді гидрологиялық болжамдарды нақтылаумен*) ұсынылатын болады.

Жазық өзенде

1) Ылғал қорының көлемі:

Қарағанды облысында Нұра (Самарқан су қоймасына келетін су), Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына келетін су) және Тоқырау өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндердің шамасында.

Ұлытау облысында Кеңгір (Кеңгір су қоймасына келетін су) өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндерден 28%-ға жоғары, Сарысу өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндерден 35%-ға төмен.

Ақмола облысында Шағалалы (Шағалалы су қоймасына келетін су) және Жабай өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәндердің шамасында. Есіл, Мойылды (Астана су қоймасына келетін су), Сілеті (Сілеті су қоймасына келетін су) және Қалқутан өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 13-19%-ға төмен.

Солтүстік Қазақстан облысында Есіл өзенінің алабында (Сергеев су қоймасына келетін су) орташа көпжылдық мәннің шамасында.

Қостанай облысында Қараторғай өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндерден 15%-ға жоғары. Тоғызақ өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндердің шамасында. Тобыл, Аят (Жоғарғы Тобыл және Қаратомар су қоймаларына келетін су) және Торғай өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 11-22%-ға төмен.

Ақтөбе облысында Ілек (Ақтөбе су қоймасына келетін су) өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндерден 15%-ға жоғары. Қарғалы (Қарғалы су қоймасына келетін су), Қосістек, Ор, Темір, Ойыл, Ырғыз өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 22-90%-ға төмен.

Батыс Қазақстан облысында Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өлеңті және Шідерті өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәндерден 33-96%-ға төмен.

Атырау облысында Жем өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннен 76%-ға төмен.

Өзен алаптарында қардың жиналу процесі ақпан және наурыз айларында жалғасады.

2) Топырақтың күзгі ылғалдану көрсеткіштері:

• **Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы** өзендерінің алаптарында (*Қалқұтан, Жабай, Есіл – Сергеев су қоймасына келетін су*) 23-46%-ға, **Қостанай облысындағы** өзендерінің алаптарында (*Тобыл, Аят, Тогызак, Торғай, Қараторғай*) 12-123%-ға, **Атырау және Ақтөбе облыстарындағы** өзендерінің алаптарында (*Глек, Қарғалы, Қосістек, Ор, Ойыл, Ырғыз, Жем*) 15-72%-ға, **Батыс Қазақстан облысындағы** өзендерінің алаптарында (*Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өлеңті, Шідерті*) 33-104%-ға **орташа көпжылдық мәндерден жоғары.**

• **Қарағанды облысындағы** өзендерінің алаптарында (*Нұра, Шерубайнұра, Тоқырау*) 22-44%-ға, **Ұлытау облысындағы** өзендерінің алаптарында (Кеңгір, Сарысу) 34-37%-ға, **Ақмола облысындағы** жекелеген өзендердің алаптарында (*Есіл – Астана су қоймасына келетін су, Сілеті, Шағалалы*) 21-47%-ға, **Ақтөбе облысының** Темір өзенінің алабында 13%-ға **орташа көпжылдық мәндерден төмен.**

3) Қарағанды, Ұлытау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында **топырақтың тоңдану тереңдігі** өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 3-тен 84 см-ге дейін жоғары. Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 7-ден 40 см-ге дейін төмен.

Батыс Қазақстан облысының Өлеңті, Жымпиты, Шыңғырлау және Деркөл өзендерінің алаптарында, сондай-ақ Ұлытау облысының Кеңгір (Кеңгір су қоймасына келетін су) өзенінің алабында топырақ бетінде қалыңдығы 0.5-4.5 см мұз қабықшасы байқалады. Ақпан айында температуралық фонның жоғарылауы және қатты жаңбыр болған жағдайда, еріген қар-жаңбырлы су тасқындарының пайда болуына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының жазық аумағындағы өзендер бойынша ылғал қорының көлемі, топырақтың ылғалдануы және топырақтың тоңдану тереңдігі жөніндегі деректер 2-қосымшада келтірілген.

Таулы өзендер

Тау өзендері үшін (Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы, шығысы) 2022 жылдың 1 қазанынан 2023 жылдың 1 ақпанына дейінгі аралықта ылғалдың жиналу кезеңінде түсетін жауын-шашын мөлшері келіп түсетін судың негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының таулы аумақтарында шағын аудандардағы жер бедерінің биіктігі 500 м-ден 5000 м-ге дейін өзгереді. Соған сәйкес, тау сілемінің беткейінің орналасуына байланысты таулы аймақтардағы қар жамылғысы біркелкі емес орналасады. Осындай жағдайлардың әсерінен жер бедерінің биіктігі 200-ден 500 м-ге дейін өзгертін ҚР жазық аумағында

орналасқан өзендерге қарағанда, таулы өзендердегі қар жамылғысындағы ылғал қорының көлемін млн. м³ есептеу мүмкін емес.

1) Ылғалдың жиналу кезеңіндегі жауын-шашын мөлшері:

- **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 38%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағының өзен алаптарында 20%-ға, Ертістің сол жағалауындағы тармақтарында 14%-ға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 17%-ға жоғары;**

- **Жамбыл облысында** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 20%-ға жоғары,** Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 17% төмен;**

- **Түркістан облысында** Арыс өзені алабы мен Талас Алатауының солтүстік-батысындағы өзендері 37-61%-ға, Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендердің алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 27% жоғары;**

- **Алматы және Жетісу облыстарында** Іле Алатауы мен Жетісу Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 15-21%-ға жоғары,** Іле Алатауының оңтүстік беткейі және Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштер шамасында.**

2) Таулы өзен алаптарындағы қар қоры төмендегідей:

- **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 33%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағында 39%-ға, Ертістің сол жағалауындағы өзен алаптарында 80%-ға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық көрсеткіштерден 46 %-ға жоғары;**

- **Жамбыл облысында** Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 29%-ға жоғары,** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 55%-ға төмен;**

- **Түркістан облысында** Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендер алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 13%-ға жоғары,** Арыс өзені алабы мен Талас Алатауының солтүстік-батысындағы өзендер **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 12-21%-ға төмен;**

- **Алматы және Жетісу облыстарында** Жетісу Алатауының өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 39%-ға жоғары,** Іле Алатауының солтүстік беткейі, Іле Алатауының оңтүстік беткейі және Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштер шамасында.**

Қазақстан Республикасының таулы аумағындағы өзендердегі қар қоры және жауын-шашын мөлшері туралы мәліметтер 3-қосымшада келтірілген.

Ақпан айында Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендерде температуралық фон жоғарылап, қатты жаңбыр жауған жағдайда еріген қар-жаңбырлы су тасқыны өтуі мүмкін.

Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.

Таулы аймақтың өзендері үшін вегетациялық кезеңнің негізгі болжамы 2023 жылдың сәуір айының бірінші онкүндігінде жасалады.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша ақпан, наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті апаттық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.

Консультативті синоптикалық ауа райы болжамына сәйкес 2023 жылдың ақпан айында республиканың басым бөлігінде *нормаға жақын*, оңтүстік және шығыс облыстарында негізінен жылы және жауын-шашынды болады деп күтіледі.

Айлық орташа ауа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормаға жақын*, Шығыс Қазақстан облысында, Абай облысының басым бөлігінде, Павлодар облысының солтүстік-шығыс жартысында, Маңғыстау облысының оңтүстік-шығысында, Ақтөбе облысының қиыр оңтүстігінде, Қызылорда облысының оңтүстік жартысында, Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарында және Жетісу облысының оңтүстік-шығыс жартысында, *нормадан 1° жоғары* деп күтіледі.

Ақпан айында жауатын жауын-шашын мөлшері Қазақстан Республикасының басым бөлігінде *климаттық нормаға жуық*, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облысының басым бөлігінде, Алматы облысында, Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығыс жартысында, Абай облысының оңтүстік-шығыс қиырында, және Жетісу облысының оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан жоғары* деп болжанады (4-қосымша).

Ескерту: бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатта болады, ол синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіледі және онкүндік пен апталық болжамдармен нақтыланады. Болжамның орташа ақталуы 65-70% құрайды.

Синоптикалық болжамға сәйкес, ақпан айының бірінші онкүндігінің Қазақстан Республикасының батысында, оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында көбінде жауын-шашын күтіледі, елдің оңтүстік аймақтарында жаңбыр мен қар түріндегі қатты жауын-шашын, түнгі және күндізгі ауа температурасының оң мәндерге дейін көтерілуі, бұл қардың еруіне, еріген және беткейлік ағындарының пайда болуына, мұз құбылыстарының әлсіреуіне, мұз кептелістерінің пайда болуына және Атырау, Қызылорда, Алматы, Жетісу,

Жамбыл, Түркістан облыстарының өзендеріндегі су деңгейінің көтерілуіне және жайылмалық аудандарға судың шығуын тудыруы мүмкін.

Жауын-шашынның мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдылығының көрсеткіштерін, топырақтың қату тереңдігін, сондай-ақ өзендердің мұздық режимдерін талдай отырып, су басу қаупі бар аймақтардың алдын ала бағасы берілді (5-қосымша).

Қауіптілігі жоғары – Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Абай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары.

Қауіптілік деңгейі орташа аймақтар: Павлодар, Ұлытау облыстары.

Қауіптілігі деңгейі төмен аймақтар: Маңғыстау облысы.

Траншекаралық өзендер туралы ақпарат

Сырдария өзені.

Сырдария трансшекаралық өзенінің ағын көлемінің **~90%-ы** шекаралас мемлекеттердің (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) аумағында қалыптасады.

Сырдария өзенінің ағыны келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Тоқтағұл (көлемі 19.5 км³);
- Әндіжан (көлемі 1.9 км³);
- Қайраққұм (көлемі 3.4 км³);
- Шардара (көлемі 5.2 км³);
- Көксарай (көлемі 3 км³).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 33.0 км³ құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 2023 жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м ³		
	Толық	1 ақпанға	
		2023 ж.	2022 ж.
Тоқтағұл	19 500	9 350	9 030
Әндіжан	1 900	784	751
Қайраққұм	3 400	3 399	3 394
Шардара	5 200	4 452	3 409

Шу және Талас өзендері.

Шу және Талас өзендері ағынының **~95%-ы** Қырғызстан аумағында қалыптасады.

Төменде келтірілген кестеде 2023 жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м ³		
	Толық	1 ақпанға	
		2023 ж.	2022 ж.
Ортококой (Шу ө.)	470	311	259
Киров (Талас ө.)	550	249	309

Жайық өзені.

Жайық өзені ағынының **~80%-ы** РФ аумағында қалыптасады және келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен анықталады:

- Ирикла (көлемі 3.26 км³);
- Жоғарғы Орал (көлемі 0.6 км³);
- Магнитогорск (көлемі 0.19 км³).

Бұл су қоймаларының су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 4.05 км³.

Төменде келтірілген кестеде 2023 жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша Ирикла су қоймасының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м ³		
	Толық	1 ақпанға	
		2023 ж.	2022 ж.
Ирикла (РФ)	3 260	2 230	2 509

Іле өзені.

Іле трансшекаралық өзені ағыны көлемінің **~70%-ы** ҚХР аумағында қалыптасады және оның көлемі Қазақстанмен шекаралас ҚХР аумағындағы су шаруашылығы қызметімен айқындалады.

Ертіс өзені.

Ертіс трансшекаралық өзенінің жалпы ағыны көлемінің **~30%-ы** ҚХР аумағында қалыптасады.

Ертіс өзенінің жалпы ағыны көлемінің **~70%-ы** ҚР аумағында ҚХР шекарасынан Шүлбі су қоймасына дейін қалыптасады.

Ертіс өзені ағынының жиынтық көлемі келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Бұқтырма (көлемі 49.0 км³);
- Өскемен (көлемі 0.65 км³);
- Шүлбі (көлемі 2.46 км³).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 52.1 км³ құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 2023 жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м ³	
	Толық	1 ақпанға

		2023 ж.	2022 ж.
Бұқтырма	49 000	25 266	30 379
Шұлбі	2 460	3 331	2 241
Өскемен	655	634	627

• Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендерінің ағыны көлемінің **80-90%-ы** көршілес мемлекеттердің аумағында қалыптасады;

• ағынның үлесі, Қазақстан Республикасының су алу лимиті мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы келісіммен айқындалады;

• жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандықтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

*Өзгидрометтің алдын ала болжамы бойынша, 2023 жылдың вегетациялық кезеңінде Әмудария және Сырдария алаптарының көптеген өзендерінің келесідей сулылығы күтіледі: Қашқадарияның сулылығы – 65-75%; Сурхандария мен Зеравшанның сулылығы – 70-80%; Ахангаранның сулылығы – 80-85%; Қарадарияның сулылығы – 80-90%; Шыршықтың сулылығы – 90-95%; Вахш, Нарын және Ферғана алқабының солтүстігіндегі өзендердің сулылығы – 90-100%; Ферғана алқабының оңтүстігіндегі өзендердің сулылығы **нормадан 100-105% құрайды (6-қосымша).***

Қырғызгидромет және Росгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға олардың ұсынылуына қарай жіберілетін болады (2023 жылғы ақпанның 10-күнінде).

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директордың орынбасары

С. Саиров

Гидрология департаментінің директоры

А. Ахметов

Атқарушы

С. Ибраев